

Г.Қ. Әліпхан

аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан (gulzhan.alipkhan@ayu.edu.kz)
ORCID: 0000-0003-1760-7688

Абай мен Лермонтов шығармаларындағы сабақтастық

Аңдатпа

Мақала мазмұнының өзегі – М.Ю.Лермонтовтың «Дума» өлеңі. Ақын шығармашылығындағы бұл өлеңнің орны аса зор. «Дума» – ақынның ұрпақ камын ойлап алаңдаған терең ойлы туындысы. Мұны Абай қазақ тіліне аударған. Мақалада екі ақын арасындағы шығармашылық сабақтастық мәселесі «Дума» өлеңінің мән-мазмұны және оның қазақ тіліне аударылуымен байланысты қарастырылған. М.Ю.Лермонтовтың өз заманындағы қоғамдық жағдай мен замандастарына көңілі толмаған. Ол – өз заманы мен ондағы қоғамдық ой-санадан озып туған ойшыл ақын. Оны орыс қоғамының бүгінгі мен келешегі қатты алаңдатқан. «Дума» – осындай сыншыл ойдан туған терең мәнді туынды. М.Ю.Лермонтов секілді Абай да өз заманының кемшіліктерін көп көріп, оларды аяусыз әшкерелеген. Абай адамгершілік жайлы ойларымен адам мен заманды түземек болған. Мақалада екі ақынның ортақ ойлары бір өлеңнің мазмұны мен аудармасы негізінде сабақталған.

Кілт сөздер: Абай, М.Ю. Лермонтов, «Дума», ой, кайғы, өлең, қоғам, ұрпақ, келешек, аударма, сабақтастық.

G.K.Aliphan

Senior Lecturer, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkistan, Kazakhstan (gulzhan.alipkhan@ayu.edu.kz) ORCID: 0000-0003-1760-7688

Continuity in the work of Abai and Lermontov

Abstract

The content of the article is based on the poem "Duma" by M.Y. Lermontov. It occupies a special place in the poet's work. "Duma" is a work with a deep and rich content, reflecting the thoughts of the poet, concerned about the future of his generation. Abai translated this poem into the Kazakh language. This article examines the problem of the creative continuity of the two poets, associated with the translation of the "Duma" into the Kazakh language and its ideological and thematic content. M.Y. Lermontov was never satisfied with the current social situation and the people he was surrounded with. He was too sophisticated and innovative poet for his time. He was deeply anxious about present and future of the Russian society. "The thought" is a work with profound meaning as a result of his criticism. Just as M.Y. Lermontov Abay mercilessly criticized inadequacies of his living time. Abay tried to remedy people and their morality with his humanistic philosophy. The article depicts common ideas and philosophy of the both poets on the basis of contents and translation of one poem.

Keywords: M.Y. Lermontov, Abai, "Duma", thought, sadness, poem, V.G. Belinsky, society, generation, future, translation, continuity.

М.Ю. Лермонтов (1814–1841) – тым аз өмір сүрсе де, орыс әдебиетінде А.С. Пушкиннен кейінгі, тіпті аты онымен қатар аталатын орны бөлек ойшыл ақын. Екі алып бейнелеген Онегин [1] мен Печориндер [2] – өз кезіндегі орыс қоғамының шынайы да жинақталған болмысын кейіптеген кесек тұлғалар. Пушкин мен Лермонтовтың ақыл-ойы, жан-жүрегі, дүниетанымынан қуат алып дүниеге келген бұл екі кейіпкер көбіне өмір сүрген заманы, қоғамына қарай қайшылықты, кемшілікті көрінсе де, екеуі де о баста жасынан жалынды, зерек, таза жандар болған. Өсе келе, замандастарымен араласа жүріп, дертті, кеселді қоғамының кезекті жағымсыз өкіліне айналған. Әйтсе де олар – көп қарғаның ішінде бір аққу болып жүре алмай, заманы мен ортасына еріксіз бейімделе беріп, қасиеті мен қазынасын жарқырата танытып игілікті ете алмай өткен қасіретті бейбақтар. Екеуі де (Онегин, Печорин) орыс әдебиетінде бірыңғай жағымсыз кейіпкер ретінде қараланбайды [3], керісінше В.Г. Белинский бастаған біраз зерттеушілер тарапынан ақылды, ойлы, өзгелерден артық болмыстарымен бағаланатыны да бар. Жалпы жан-жақтылық пен болмыс байлығы – көбіне кесек тұлғаларға ғана тән болатын қасиет. В.Г. Белинский М.Ю. Лермонтовтың романы туралы көлемді мақаласында Печориннің болмысын танытып былайша толғанады: «В самом деле, в нем два человека. ...в состоянии рефлексии человек распадается на два человека. ...При одном чувстве человек есть раб собственных ощущений, как животное есть раб собственного инстинкта. Достоинство бессмертного духа человеческого заключается в его разумности, а последний, высший акт разумности есть – мысль. В мысли – независимость и свобода человека от собственных страстей и темных ощущений [4, 129 б., 138 б., 139 б.]. Осындай туысынан жақсылығы бар әрі онысы мол болып келіп, қоғам кінәратынан жамандығы да қосыла беріп, алайда жақсылығы жамандық ішінде қалса да жарқылын жоғалтпаған күрделі кейіпкерді М.Ю.Лермонтов өзі өмір сүрген жиырма жеті жасында-ақ сомдап үлгерген екен.

М.Ю. Лермонтов өзінің ақылды, ойшыл болмысын лирикалық өлеңдерімен де танытқан. Оның сондай ойлы өлеңдерінің бірі – «Дума» болатын. Мұны Абай қазақ тілінде сөйлетіп, туған халқының игілігіне айналдырған. М.Әуезовтің жазуынша, Лермонтовтан Абай жасаған аударманың ұзын саны – жиырма жеті өлең, үзінділер [5, 205 б.]. Солардың қатарында Абай «Қарасам, қайғырар жұрт бұл заманғы» деп бастап аударатын М.Ю. Лермонтовтың «Дума» өлеңі де бар. Ақын

шығармашылығын кешенді түрде талдап танытқан атақты монографиясында М.Әуезов Абайдың Лермонтовқа баруындағы бірнеше творчестволық іздену тәжірибелерін әңгімелей келіп: «Ол жайлар Абайдың аудармаларын түгелімен ұдайы салыстырып отырып, толық зерттейтін еңбектердің нақтылы міндеті болу керек» [5, 206 б.] деп кейінгі зерттеушілерге ізденіс өрісін де дайындап қоятыны бар. Лермонтов пен Абай арасындағы шығармашылық сабақтастық мәселесін өткен ғасырдың елуінші жылдарынан бастап ғылыми ізденісіне өзек еткен ғалым – З.Ахметов. Өзі де өмірде ұзақ жүріп үлгермей, аз ғұмырында-ақ ақыл-ойға терең толығып өткен ақын жайлы ғалым: «Тіпті Лермонтовтың поэзия әлеміндегі барлауы есепті, 16–17 жасында жазған өлеңдеріне көз салсақ, солардың өзі алдымызға ақын поэзиясының өзегі – аласұрған алып-ұшқан ой-қиял, өмірді терең талдау, ізерлеу, іздену, сыншылдық, әрекет-күреске құмарлық екенін жайып салғандай. Ерте есейген жас Лермонтовтың өлеңдерін оқыған адам тұтқиылдан ой-қиялдың соншалық бай, соншалық сарқылмас қызық дүниесіне кіргендей болады» [6, 175 б.]. Біз Абайды қатардағы көп ақынның бірі емес, бірегейі, ойшыл, хакім ақын деп танимыз. Абай осындай ойшыл болмысымен Лермонтовтай орны бөлек дара ақынның аса ойлы, көркем туындыларын таңдап тауып аударған. «Дума» өлеңін З. Ахметов Абайдың Лермонтовтан аударған туындыларының алды, асылы ретінде атайды және Лермонтовтың осы өлеңі жайлы терең толғаныстан туған өз ойларын ортаға салады: «Лермонтов поэзиясының бір берік қазығындай «Ой» деген толғау-жырын еске алсақ, оның Абайдың назарына тегін ілікпегенін байқай аламыз. Дүние, өмір жайлы тынымсыз ойға батып, бәрін сынап, ақылменен саралап, асқақ қиялға, үміт пен арманға әбден берілген күйі де, жазықсыз жапа шеккен, ауыр бейнет тартқан көптің атынан азулы, күштілерге айтқан қатты наразылығы да – бәрі де осы өлеңнен мольнан сезіледі» [6, 176 б.]. В.Г. Белинский өзінің жетпіс беттен тұратын «Герой нашего времени» романы жайлы көлемді мақаласында ақынның «Дума» өлеңіне қайта-қайта оралып, өз ойының өзегі мен түйіндеуін осы өлеңдегі төрт тармақтан тапқандай болады: «...Как в характеристике современного человека, сделанной Пушкиным, выражается весь Онегин, так Печорин весь в этих стихах Лермонтова:

И ненавидим мы, и любим мы случайно,
Ничем не жертвуя ни злобе, ни любви,

И царствует в душе какой-то холод тайный,
Когда огонь кипит в крови.

«Герой нашего времени» – это грустная дума о нашем времени, как и та, которою так благородно, так энергически возобновил поэт свое поэтическое поприще и из которой мы взяли эти четыре стиха» [4, 151 б.]. М.Ю. Лермонтов жазған «Дума» өлеңі қырық төрт жолдан тұрады, Абай да оны осы көлемде қара өлең ұйқасымен он бір шумақ етіп аударған. Лермонтовтың жоғарыдағы төрт тармақ өлеңін Абай былайша қазақшалаған:

Жек көрер, жақсы көрер – кезі білер,
Ашуы, махаббаты босқа сөнер.
Жанында суықтық бар бір жасырын,
Қаны отты жас күнінде шықпас өнер [7, 42 б.].

Түпнұсқадағы ой терең әрі өткір секілді. Лермонтов қолданған «ненавидим», «либим» деген екі сөзде біздіңше, терең сыр бар. Жақсы көру, сүюден – адамдық негізі қайырымдылық туса, жек көру – жауыздық пен қиянаттың бастауы. Адамдықтың жетіліп биіктеуі де, құлдырап төмендеуі де осы екеуінен бастау алады. Ақын өз заманындағы қауым өкілдеріне күңірене қарап күйінетіндей. Соншалық енжар, мақсатсыз, армансыз, әрекетсіз ұрпақ үшін ақын іші қан жылайды. Адам деген жек көрсе де, жақсы көрсе де, соған саналы түрде ұмтылып, алдына мақсат қойып, еті тірлікпен тіршілік етсе керек еді. Ал ақын көріп, күйініп отырған өз замандастары – ынтасыз, ақылсыз, әрекетсіз күйде жүріп көкірегі тірі емес, өліп қалғандай. Жалындайтын, жарқылдайтын, тау қопаратын шағында жаны, ділі, жүрегі жүдеп, семіп, қасаңданып кеткендей. В.Г. Белинский айрықша мән беріп қараған бұл төрт тармақта М.Ю. Лермонтов дертті, кеселді қоғамда өздері де ағыммен ере берген отсыз, жалынсыз, ақылсыз, мақсатсыз ұрпақтың қайғылы қалпын суреттеген, ұрпақ пен келешек қамын жеумен ауыр ойға түскен. Негізі, Абай М.Ю. Лермонтовтың «Дума» өлеңіндегі идея мен ой, негізгі сарынды дәл сақтағанымен, арасында еркін кетіп өзінше толғап қоятыны бар. Жоғарыдағы жолдар – Абай аудармасындағы сегізінші шумақ, ал өлең мазмұны екі ақында мына жолдармен басталады:

Печально я гляжу на наше поколение!
Его грядущее – иль пусто, иль темно,
Меж тем, под бременем познания и сомнения,
В бездействии состарится оно [8, 168 б.].

Қарасам, қайғырар жұрт бұл заманғы,
Салқын, қуыс – өмірі я қараңғы.
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,
Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды [7, 41 б.].

М.Ю. Лермонтов алғашқы жолын айрықша бөліп айтады және оған зор мән-мазмұндық салмақ арта үн қатады. Ақын мұнда өз заманындағы қауым өкілдері мен ұрпаққа үлкен уайым-қайғымен қарайды. Ұрпағы үшін алаңдайтын жағдайы мен қауіпі де бар. Өзі көріп отырған замандастарының келешегі ақынға соншалық мәнсіз, қараңғы, «салқын», «қуыс» көрінеді. Олар өресі жеткенше өмір сырын тани жүріп, арасында адасып та көріп, ақырында ағыммен кетіп кәрілікке де жеткенін білмей қалады. Ал Абайдың аударуындағы алғашқы жолда қабырғасы қарс айрылып қайғыратын ақын емес, жұрт болып танылады. Есесіне Абай Лермонтовтағы ұрпақтың әрекетсіз жүріп қартаюын «өнерсіз қартаяр» деп құлпыртып жібереді. Түпнұсқадағы ойды Абайдың «Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ» деп өзгертіп аударуын да қисынды көреміз. Осы орайда Абай аудармасындағы бұл өзгерту В.Г. Белинскийдің ойымен сабақтасады: «Поэт говорит о новом поколении, что он смотрит на него с печалью, что его будущее «иль пусто, иль темно», что оно должно состареться под бременем познания и сомнения; укоряет его, что оно иссушило ум бесплодною наукою. В этом нельзя согласиться с поэтом: сомнение – так; но излишества познания и науки, хотя бы и «бесплодной», мы не видим: напротив, недостаток познания и науки принадлежит к болезням нашего поколения» [1, 193 б.]. Абайдың «Дума» өлеңін дәл аударатыны, тіпті таң қаларлық тамаша етіп жеткізетіні, кейде бірер жолдарын өзгертіп, өзіндік қабылдауымен қазақшалайтыны бар. Негізі, мұны арнайы айналысып, тарата танытып әңгімелеуге болады, ал біз бұл мақалада ойымызға дәлел болар кейбір жайларды ғана сөз етеміз.

...Перед опасностью позорно-малодушны,
И перед властью – презренные рабы [8, 168 б.].

Ұлыққа қошаметшіл, құл сықылды,
Қатерге аяқ баспас, көрмей артын [7, 41 б.].

...Мечты поэзии, создания искусства
Восторгом сладостным наш ум не шевелят [8, 169 б.].

Келісімді тәтті ой, әр шеберлік
Қуантпас ойын қозғап пәлен дерлік [7, 42 б.].

Осылардағы жеке сөз, ұғымдар дәл баламасымен берілмесе де, түпнұсқа өлеңдегі ой Абай аудармасы арқылы қазақ оқырманына ойдағыдай жақсы жеткен. Әр халықтың тілінде оның ұлттық болмысы мен қасиеті көрініп тұрады, өйтпегенде түпнұсқа мен аударманың екі түрлі ұлтқа қатыстылығы білінбей қалар еді. Ең бастысы, түпнұсқадағы мән-мазмұн мен ойдың екінші тілдегі оқырмандарға өз қалпында жетіп түсінікті болуы, бұл жағынан Абай аударған жолдарда Лермонтовтың ойлары мол сақталған әрі бұл ойлар қазақ оқырманына оның өзіндік ұғым, таным-түсінігімен табиғи қалпында жеткен. Мысалы, «презренные рабы» ой тіркесін Абайдың «ұлыққа қошаметшіл, құл секілді» деп аударуы қазақы ұғымға сай болуымен бірге ақын заманындағы саяси-әлеуметтік жағдайдан да хабар беріп тұрғандай. Орыс патшасы мен қазақтың бай-болыстары тарапынан екі жақты қысым-қанауға ұшырап қиянат көрген қорғансыз, әлсіз кедейлер мен жергілікті болыстардың өзі де ұлық алдында әсіресе қошаметшіл, құл сияқты болды. Кейінгі екі жолды аударуда Абай ақындық қуат-қабілеті мен шеберлігі жөнінен тіпті шыңдала, кемелдене түскені көрінеді. М.Ю. Лермонтов өзінше мықты, өзінше тапқыр, ақылды ой айтқан ақын болса, Абай да түпнұсқадағы сөздік, ұғымдық мән-мазмұн, пішінмен шектеліп қалмай, қайта қазақ ақыны, ұлт суреткері болып Лермонтов ойын дәл өз қалпында берумен бірге оны байытып, құлпыртып та жеткізген.

«Дума» өлеңін аударуда Абай Лермонтовтың нысаналы басты ойын өзгеріссіз жеткізуді мақсат етіп, ол ниетіне жеткен де, алайда ақындық әрекетінде еркіндеу болатыны да бар. Сөз, тіркес, ұғым жағынан өз аудармасында түпнұсқаға тікелей сәйкес келіп жатпайтын тұстары болса да, Абай Лермонтов ойларын толымды да дәл аударып жеткізген. Өлең мазмұны ел мен қауым, ұрпақ қамын ойлап уайым еткен ақылды, әлеуметтік ойларға толы. Лермонтовтан бастау алған бұл ойлар өмір, адам сырын әбден таныған кісінің өсиет, өнеге сөзіндей. Ақын заман, өмір, адам жайын биік, өскен өремен қарап, оларға қатысты өз төрелігі мен үкімін айтып отырғандай көрінеді. Өлең тақырыбы «Дума» (Ой) деп аталғанымен, оның алғашқы жолы да тақырып жүгін көтеріп тұрғандай әрі өлеңдегі барлық ойдың бастауы секілді: «Печально я гляжу на наше поколение». Өлең мазмұны ақынның осы уайым-қайғысының сыры мен ақиқатын танытуға құрылған. Ақынның өзі көріп, өзі араласып жүрген қауымының келешегі тым күңгірт, соншалық мағынасыз бос. Олардың тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алар ақылды, ойлы аға буын, ата-анасы да

болмағандай. Содан да бұл қауымның есіл өмірі мағынасыз, мақсатсыз өтуде. Үлкен-кіші, жақсы-жаман ешбір іске талабы жоқ, жетпей жатып жалыны сөніп қалған бір буын. Ақынды уайым-қайғыға салған бұл қауымның жеткен жері – «И час их красоты – его паденья час» (Лермонтов) – «Қызығы – үзілгені бос жүргенше» (Абай). Кәдімгі «бүйтіп тірі жүргенше, өлгені жақсы еді» дегендей күңіреністі қалып. Ақынды күйзеліске түсірген бұл қауымның айналысып жүрген кәсібі мен тапқан аз-маз ақыл-ойы да іске алғысыз. Осылайша «көрсем, білсем» деу мен адасудың аралығында ұйқылы-ояу жүргенде өлшеулі өмір де өтіп кетпек – «И к гробу мы спешим без счастья и без славы, глядя насмешливо назад. Толпой угрюмою и скоро позабытой над миром мы пройдем без шума и следа» (Лермонтов) – «Артқа қарап, ақ бейіл шалға күліп, абұйырсыз, атақсыз көрге құлар. Көп салқын бірін-бірі ойына алмас, кетер жым-жырт, артына із қалдырмас» (Абай). Бірақ рет келер тәтті тірлікте ақыл-ойы, ар-ұяты бар намысты адамның өмірден алар сыбағасы мен үлесі осы ғана болмау керек еді, ақын соны ойлап күйінеді. Лермонтов пен Абайды ауыр ой мен қайғы-мұңға салған – қоғам кеселі мен сондай қауымдағы адам ақаулары болатын.

Лермонтов өлеңін Абай түпнұсқадағы көлемін сақтап, өзгертпей, қоспай-алмай өз қалпында он бір шумақпен аударғанын жоғарыда жазып едік. Енді Лермонтов ойлары Абай аудармасы арқылы қалай жеткенін салыстырып көрейік. Өлең түпнұсқада «Дума» деп аталады, Абай аудармасында да қазақша «Ой» тақырыппен жақша ішінде «М.Ю. Лермонтовтан» деп беріледі. Алғашқы жолдың дәл аударылмағанын жоғарыда айттық. Түпнұсқада қайғыратын, мұңаятын – ақын болса, аудармада «қайғырар жұрт бұл заманғы» болып айтылады. Біз ойлаймыз, «қайғырар» емес, «қайғыртар» болар, сонда екі ақын ойы бір жерден шығып, түпкі ой қалпына келеді. Осылайша оқып көрсек, мынадай қисынды, сәйкес мазмұн шығады:

Печально я гляжу на наше поколение!..

Қарасам, қайғыртар (қайғырар емес) жұрт бұл заманғы...

Абай аудармасының осы жолын осылайша жазар болсақ, жөн болар. Екінші жолдағы «пусто» сөзін Абайдың «қуыс» деп аударуынан ғажап ақындық қуат танылады. Қазақта «қуыс кеуде» деген жағымсыз сөз бар, соған орай, ақын «бос» емес, «қуыс» деп аударған болар. «Темно» сөзін қосымша «салқын» деп аударуы да қисынға келеді. Қараңғылық, суықтық – жансыз, өмірсіз, мағынасыздықпен байланысты болса, «темно» сөзі де осы мазмұнға жақын екені талас тудырмайды. Егер өзі

Г.Қ. Әліпхан. Абай мен Лермонтов шығармаларындағы сабақтастық.

көрген ұрпақ өмірі жалынды, жігерлі, мән-мағыналы болса, оны мүмкін ақын жарық, жарқын, нұрлы сөздерімен танытар еді-ау.

Его грядущее – иль пусто, иль темно...

Салқын, қуыс – өмірі я қараңғы...

Осында Абай түпнұсқадағы ойды «салқын» сөзін қосып аудару арқылы нақтылап құлпырта түскендей. Төртінші жолда да Абай өз тарапынан «өнерсіз» сөзін қосып, түпнұсқадағы ойды байытып танытқан. Тек үшінші жолдағы ой екі ақында біршама бір-бірінен алшақтап кеткендей көрінеді:

Меж тем, под бременем познания и сомнения,
В бездействии состарится оно.

Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,
Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды.

Келесі екінші шумақ екі ақында да өте күрделі қалыпта келген. Біз әрине бұлардағы ойды түсінуге тырысамыз, мүмкін байыбына бара алмаспыз. Лермонтов жазған өлең шумағы мынадай:

Богаты мы, едва из колыбели,
Ошибками отцов и поздним их умом,
И жизнь уж нас томит, как ровный путь без цели
Как пир на празднике чужом.

Біздіңше, Лермонтов өзі көріп, өзі куә болған ұрпағының өкінішке орай, үлгі алар өнегесі болмағанын жазады. Алдыңғы буын өкілдерінің ақыл-ойы мен өмірге пайдалы кеңестеріне бұл ұрпақтың жарымай «жетім» өскеніне ақын ащы мысқылмен күйінетін секілді. Осылай өнегесіз өскен ұрпақтың өзі де мақсатсыз, мағынасыз өмір сүріп жатқаны әбден заңды, қалыпты көрінеді. Әкелер қателессе, оларды көрген балалары да адасады, әдетте. Ақылы кейіндеу, кешірек кірген әкелер ұрпағына енді өзі ақыл айтпақ болса, кеш, олар бүгінде бар көргенімен, бар тапқанымен қалыптасып үлгерген. Бұл ұрпақтың қалыптасып тапқан болмысы да жарытымсыз, жеткіліксіз, мақсатсыздау. Ақын ойын дұрыс, дәл түсіну үшін ол жеткен ой биігіне көтерілу керек. Сөйтсе де біз түсінуге тырысамыз. Лермонтовты Абай түсініп, танып, оны өзінше қалыптап жеткізген:

Жасынан білер ескі шалдың мінін,
Аптық жерін, ақылға кеш енгенін,
Өзі өнерсіз, өмірден тез суынар,
Ойлаған жолаушыдай бос жүргенін.

Түпнұсқадағы әрбір сөз, ұғым, тіркестің аудармада дәлме-дәл келіп жатуы міндет болмас. Ең бастысы, ондағы ойдың екінші тілдегі оқырманға толымды жетуі маңызды болса керек. Осы орайда Лермонтов ойын Абай өз өресімен тани отырып жарасымды, мазмұнды жеткізген.

Өлеңінің басында арнайы атап өткен қайғылы қалпын Лермонтов кейінгі шумақтарында да айта түседі. Ақын болмысында барша адамзаттың уайым, қайғысы жатқандай.

К добру и злу постыдно равнодушны,
В начале поприща мы вянем без борьбы:
Перед опасностью позорно-малодушны,
И перед властью – презренные рабы.

Өмірдің өзі – қозғалыс, әрекет, алға ұмтылу, даму болса, енжарлық осы өмірдің өзегіне түскен құрт секілді. Осылай жақсыға да, жаманға да салқын, марғау қараған ұрпақ – жетпей жатып жеңілген, желкесі қиылған ұрпақ. Ақын осыған күйінеді. Жоғарыдағы шумақтың екінші жолы Лермонтовта өте терең әрі көркем жазылған. Осы жолдағы ой Абай аудармасында аздап өз қалпымен жетпегендей көрінеді:

Жамандық, жақсылыққа қарар салқын,
Долығы тез басылып, қайтар қарқын.
Ұлыққа қошаметшіл, құл сықылды,
Қатерге аяқ баспас, көрмей артын.

Әйтсе де Лермонтовтың ойын Абай өзінше танып, айтылған ойдың өзегі мен мәнін қазақы ұлттық таныммен сәтті жеткізген деп ойлаймыз. Бір қарағанда дәл аударылмағандай көрінетін шумақтағы екінші жол қазақ тіліне түпнұсқаға қатал түрде бағынып қалған қалпынан асып, ондағы ойдың өзегі ғана алынып, таза ұлттық таным, түсінікпен аударылған.

Екі ақын да бір-бірінен қалыспайтын жүйрік, шебер, ақындық қуаттары мол дара суреткерлер. Мысалы, төртінші шумақтың аударылуы осыны танытар деп ойлаймыз:

Так тощий плод, до времени созрелый,
Ни вкуса нашего не радуя, ни глаз,
Висит между цветов, пришлец осиротелый,
И час их красоты – его паденья час!

Дәл бейне ерте шыққан бүлдіргенше,
Суық соғып бүрісер, дәмі енгенше.

Көзге де, ауызға да қызығы жоқ,
Қызығы – үзілгені бос жүргенше.

Өмір шындығы мен көңіл, сезім күйін сезіну екі ақында дәл бірдей болмаса да, ортақ арнада ортақ ойды таныту бар. Біз мүмкін Лермонтов айтқан, танытпақ болған ойды өз қалпында түсінуге қиналармыз. Лермонтов ойын Абай да кейде саналы, кейде болжамай қалып басқаша аударатыны бар.

Мы иссушили ум наукою бесплодной,
Тая завистливо от ближних и друзей
Надежды лучшие и голос благородный
Неверием осмеянных страстей.

Лермонтов өлеңіндегі ойды танып ұғуда тыныс белгілерінің де ықпалы елеулі деп білеміз. Мысалы, осы шумақтағы екінші, үшінші жолдардан кейін үтір қойылмаған және екінші жолдағы ой кейінгі жолдармен тиянақталып барып бітеді. Ал аудармадағы екінші жолдан кейін нүкте қойылған, содан да ондағы түйінделіп қойғандай көрінеді. Негізі, қазақша нұсқасында да екінші жол кейінгі жолдармен түйінделеді, сонда мұндағы айтылар ой түсініктілеу, қисындылау болар еді. Жоғарыда келтірілген шумақты қазақша аудармасымен салыстырып көрейік:

Пайдасыз ғылымменен ми кептірер,
Дос-жарға мақтан етіп, бұлдап көрер.
Жақсы сөз, жақын үміт, тәттілікті
Кемітер, көңіл қоймас, кекенкірер.

Осындағы екінші жолдан кейін нүкте емес, үтір қойылар болса, ондағы ой кейінгі жолдармен байланыста айтылып айқындала, нақтылана түсер еді. Лермонтов ойы Абай өлеңі арқылы айрықша ақындық қуатпен жақсы аударылып жеткен. Алтыншы, жетінші шумақтар түпнұсқадан біршама алшақтай түсіп, әйтсе де Абайдың өзіндік күрделі ұғым, танымымен шебер аударылған. Ақынның барша болмысы мен қайғы-мұңын танытар «И ненавидим мы» деп басталатын сегізінші шумақ екі тілде де анық, айқын оймен көркем де шебер туындаған. Тоғызыншы шумақтың кейінгі екі жолында мынадай ащы шындық айтылған:

И к гробу мы спешим без счастья и без славы,
Глядя насмешливо назад.

Абай да мұны өз қадір-қасиеті мен мән-мазмұнын сақтап сәтті әрі дәл аударған. Қашанда ұлттық танымды биік қою – Абайдың айрықша қасиеті, ақындық ұстанымы.

Артқа қарап, ақ пейіл шалға күліп,
Абұйырсыз, атақсыз көрге құлар.

Лермонтов сынды ақынды өзегін өртей қайғыртқан ұрпақтың сыйқы осы. Жалпы ақылы бар, санасы бар, қасиеті толық адам баласының өзге тіршілік иелеріндей бар-жоқ болғаны белгісіз күйде із-түзсіз өмірден өте шығуы өте өкінішті. Осы ой түпнұсқада ұшталып, үшкірленіп жалғаса береді:

Толпой угрюмою и скоро позабытой
Над миром мы пройдем без шума и следа.

Өзі көрген бейбақ ұрпағының қайғы, қасіретін ақын да өз болмысына қабылдап алғандай, ұрпағы тап болған жағдайға өзін де қатысты көріп суреттеген. Бұл ой Абайда да түпнұсқадағыдай өз қалпында жырланғанын көреміз:

Көп салқын бірін бірі ойына алмас,
Кетер жым-жырт, артына із қалдырмас.

«Дума» – М.Ю. Лермонтовтың қоғам мен заман және ондағы адамдардың жеке өресінің кесір, кемшілігінің себебінен арзандап, төмендеп кеткен ұрпақ қасіретін тым тереңдеп танытқан туындысы. Замандастары мен ұрпағының кесір, кеселдерін титтей де жеңілдетпей, жасырмай, қайта қатал да ащы сынап, әшкерелей келіп, өлеңін де Лермонтов осы қарқынымен түйіндейді. Өлең түйіні алдыңғы он шумақтың мән-мазмұны мен жүйелі желісінен табиғи түрде жалғасып туа салғандай:

И прах наш, с строгостью судьи и гражданина,
Потомок оскорбит презрительным стихом,
Насмешкой горькою обманутого сына
Над промотавшимся отцом.

Алдыңғы айтылғандарды қайталағандай көрінсе де, бұл түйіндегі ойды артық айтқандыққа сая алмаймыз. Ақын көрген, ақын таныған ұрпақ шынында да осылайша ащы әшкереге лайық екені оның жоғарыдағы ойларынан танылады. Баласы әкесін мақтан етпей, қайта мазақ етіп аяусыз әшкерелейтін болса, бұдан асқан қасірет жоқ. Ақын осы ойды әбден шегелеп жеткізген. Ал Абай сол кездегі орыстың ақсүйек дворяндарындай қазақтың өз ішіндегі бар, бай адамдарының сору болған малға деген құмарлыққа айрықша көңіл бөліп, өз аудармасындағы түйін сөзін осы кеселменбайланыстыра қорытқан:

...Әкесі аштан өлген кісідей-ақ,
Неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын?!

Мән-мағынасы аса зор саналатын түйін сөзді Лермонтов көрген ортамен байланыстырып айту қазақ оқырманына түсініксіздеу болар еді. Лермонтов өлеңінің соңғы шумағын осылайша өзгертіп өзінше түйіндеу – Абайдың ғаламат тапқырлығы. Абайдың өз қарасөздерінде «Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, бірақ мал үшін қам жейді екен... Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім – еш нәрсе малдан қымбат демейді» [7, 101 б.; 105 б.], – деп күйінетіні бар.

Сөйтіп «үйренген сөзге мен де ортақ» [9, 168 б.] деп, Абай өзі қадірлеген Лермонтов ойларын қазақ оқырманына өз тарапынан аударып жеткізген. Ғалым Ж. Ысмағұлов жазғандай, Лермонтов та, Абай да адамзатқа ортақ ойды жырлаған [10, 39 б.]. «Ой» өлеңі – М.Ю. Лермонтовтың аз ғұмырында-ақ биіктеп барып жеткен терең түйінді толғанысы. Ақынды туған халқының, жалпы адамзаттың кемшілікті де кеселді қалып-күйі қатты алаңдатқан. Мұндай асыл да «ауыр ойды көтеріп ауырған жан» – Абайдың өзі де болатын.

Әдебиеттер

1. Пушкин А.С. Евгений Онегин. – Москва: Художественная литература. 1970. –368 с.
2. Лермонтов М.Ю. Сочинения. II т. – Москва: «Правда». 1990. –704 с.
3. История русской литературы XIX века. – Москва: Государственное учебно-педагогическое издательство министерства просвещения РСФСР. 1963. –728 с.
4. Белинский В.Г. Статьи о Пушкине, Лермонтове, Гоголе. – Москва: Просвещение. 1983. –272 с.
5. Әуезов М. Шығармалар жинағы. XX том. – Алматы: Жазушы. 1985. – 496 б.
6. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі. 1995. – 272 б.
7. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Шығармалар жинағы. II т. – Алматы: Жазушы. 1986. – 200 б.
8. Лермонтов М.Ю. Сочинения. I т. – Москва: «Правда». 1988. – 720 с.
9. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Шығармалар жинағы. I т. –Алматы: Жазушы. 1986. – 304 б.
10. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы: Ғылым. 1994. – 280 б.

References

1. Pýshkin A.S. Evgenii Onegin. –Moskva: Hýdojestvennaia literatýra. 1970. –368 s.
2. Lermontov M.Yú. Sochineniia. II t. –Moskva: «Pravda». 1990. –704 s.
3. Istoriia rýsskoi literatýry XIX veka. Moskva: Gosýdarstvennoe ýchebno-pedagogicheskoe izdatelstvo ministerstva prosveeniia RSFSR. 1963. –728 s.

4. Belinskiı V.G. Stati o Pýshkine, Lermontove, Gogole. –Moskva: Prosveshcheniye. 1983. –272 s.
5. Áyezov M. Shyǵarmalar jınaǵy. XX tom. –Almaty: Jazýshy. 1985. – 496 b.
6. Ahmetov Z. Abaidyń aqyndyq álemi. –Almaty: Ana tili. 1995. – 272 b.
7. Abai (Ibrahim Qunanbaev). Shyǵarmalar jınaǵy. II t. –Almaty: Jazýshy. 1986. – 200 b.
8. Lermontov M.Íy. Sochineniia. I t. –Moskva: «Pravda». 1988. – 720 s.
9. Abai (Ibrahim Qunanbaev). Shyǵarmalar jınaǵy. I t. –Almaty: Jazýshy. 1986. –304 b.
10. Ysmaǵulov J. Abai: aqyndyq taǵylymy. – Almaty: Ğylym. 1994. – 280 b.

Özet

Makalenin merkezinde, M.Yu. Lermontov'un "Duma" şiiri bulunmaktadır. Şairin yaratıcılığında bu eserin yeri büyüktür. "Duma" soyun geleceğiyle ilgilenen şairin düşüncelerini yansıtan derin manalı bir eserdir. Abay bunu Kazakçaya çevirmiştir. Makalede iki şair arasındaki yaratıcılık bakımından uygunluk konusu "Duma" şiirinin manası, içeriği ve onun Kazak diline çevirisi ile ilişkisi ile ele alınmıştır. M.Yu. Lermontov, döneminin toplumsal durum ve zamandaşlarından memnun değildir. O, kendi dönemi ve ondaki toplumsal bilincin ötesine geçmiş entelektüel bir şairdir. Rus toplumunun bugünü ve geleceği onu tedirgin etmektedir. "Duma" bu gibi eleştirel düşünceden doğmuş derin manalı bir eserdir. M.Yu. Lermontov gibi Abay da kendi zamanının eksikliklerini görüp bunları acımasız bir şekilde ortaya koymuştur. Abay beşeriyet konusundaki düşünceleri ile insanla zamanı düzeltmeyi arzulamıştır. Makalede iki şairin ortak düşünceleri bir şiirin konusu ve çevirisi temelinde incelenmiştir.

Anahtar kelimeler: Abay, M.Yu. Lermontov, Duma, düşünce, kaygı, şiir, toplum, nesil, gelecek, çeviri, uyum

(G. Aliphan. Abay ve Lermontov'un Eserlerinde Uyumluluk)

Аннотация

Основой содержания статьи является стихотворение М.Ю. Лермонтова «Дума». Оно занимает особое место в творчестве поэта. «Дума» – произведение с глубоким и богатым содержанием, отразившее мысли поэта, обеспокоенного будущим своего поколения. Абай перевел это стихотворение на казахский язык. В данной статье рассматривается проблема творческой приемственности двух поэтов, связанная с переводом «Думы» на казахский язык и ее идейно-тематическое содержание.

М.Ю. Лермонтов – поэт, который не приемлет общественный строй своего времени, а своих современников считает «потерянным поколением». Он – поэт-мыслитель, который опережает свое время, общественное сознание той эпохи. Его особенно волновали вопросы настоящего и будущего русского общества. «Дума» представляет собой произведение, рожденное вследствие глубоких размышлений поэта о судьбе Родины, своего поколения. Как и Лермонтов, Абай, наблюдая пороки современного ему общества, подвергает его беспощадному осуждению. Абай размышлениями о нравственности стремится изменить сущность человека, общественный строй. В статье прослеживается творческая связь, приемственность общих мыслей двух поэтов на основе содержания и перевода одного стихотворения.

Ключевые слова: Абай, М.Ю. Лермонтов, «Дума», мысль, печаль, стихотворение, общество, поколение, будущее, перевод, приемственность.

(Г.К. Алипхан. Приемственность в творчестве Абая и Лермонтова)